

# **№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі**



***Сабақтың тақырыбы: Нысанбай жыраудың  
«Кенесары – Наурызбай» дастаны: уақыт тезінен өткен  
жыр. Заман көрінісі, заман бейнесі***


Практикант: Мұқажан Мақпал

Практика жетекшісі: Асенова Ж.М

Топ:431

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендеймін

### Топқа бөлу



Үй тапсырмасын сұрау: «Кенесары Наурызбай» жырын оқып, әдеби талдау жасайды.

### Дескриптор

-жырды оқып, әдеби талдау жасайды



«Кенесары – Наурызбай» жыры алғаш рет 1875 жылы С.Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен «Записки Оренбургского русского географического общества» журналында жарық көрді. 1912 жылы Қазан қаласында Жүсіпбек Шайхисламұлы жинаған жыр нұсқасы «Қисса-и Наурызбай төре Қасым уғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарияланды. Жырдың бірнеше нұсқасы бар. Кейбір нұсқаларында хатқа түсірушілер көтеріліске тіл тигізіп, мағынасын өзгертіп жіберген. Жырдың түпнұсқаға жақын толық нұсқасы – 1938 жылы ҚР ҰҒА фольклор экспедициясы кезінде торғайлық Қашқынбай Қараевтан жазып алынған нұсқа. Е.Ысмайылов пен Қ.Бекхожин Кенесарыға тіл тигізетін жерлерін алып тастап, Нысанбайға тән үлгімен жырланған нұсқасын 1940 жылы өздері құрастырған «Батырлар жыры» деген көлемді жинаққа енгізген. Соңғы рет 1996 жылы «Қазақ халық әдебиеті» атты көптомдық жинақтың 17-кітабында жарық көрді. Нысанбай жыраудың шығармашылық жолын Х.Досмұхамедұлы, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ө.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов т.б. зерттеді.

*«Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық*

Қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістерді бастаған көсемдер, хандар, батырлар, туралы ақындардың әуезе жыр-дастандары әдебиет тарихында маңызды. Ақындық поэзиядағы көрнекті ақындарымыздың бірі Доскей Әлімбайұлының «Кенесары, Наурызбай» атты әуезелік жыр-дастаны да тарихилығымен ерекшеленеді.

Дастанның тақырыбы – Кенесары, Наурызбай бастаған – ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи сипатын таныту, идеясы – ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі халықтың жанқиярлық күресін, қол бастаған батырлардың (Кенесары, Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай, т.б.) ерлік істерін даралау, мінездеу.

Дастанның композициясы мынадай бөліктерден құралған: біріншісі – Ресей патшалығының отарлау ықпалына түскен қазақ халқының мүшкіл хал-ахуалына автордың эпикалық баяндауы мен лирикалық толғаныстармен баға бергені; екіншісі – екі жақтан епкіндеп торлай бастаған отарлау құрсауына қарсы Кенесары, Наурызбай бастаған әскердің жиналуы; үшіншісі – Наурызбай, Ағыбай батырлардың Кене хан әскері үшін тұлпарлар жинауы, Жолды аяқ сынды тілеулес батырлар шоғырының құралуы; төртіншісі – Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі жауынгерлерінің орыс жазалаушыларымен шайқасып, Қызылжарды, Көкшетауды, Бурабайды, Атбасарды, Қараөткелді және т.б. мекендерді отаршылдардан азат еткені; бесіншісі – Ресей патшалығынан азат болу жорығына қырғыз елін де қосу жолындағы әрекеттің қырғыз манаптарының және кейбір қазақ руларының опасыздығының кесірінен сәтсіздікке ұшырағаны; алтыншысы – дастанның тұтас желісіндегі азаттыққа, тәуелсіздікке құштар қаһарман халықтың көркем жинақталған тұлғасының сомдалуы. Қазақтардың жеңілген себебі - Кенесары қолында алауыздық туады, барымтаны олжалауға таласуы еді.




**1-тапсырма. «Зымыран сұрақ» әдісі**  
арқылы топтар сұрақтарға жауап береді

**1-топ**

1. Нысанбай жырау туралы не білдіңдер?
2. Жырдағы Кенесары кім?
3. Наурызбай туралы не білдіңдер?
4. Кенесары қырғыздардан кегін алу үшін кімге келеді?
5. Кенесарыны Дулаттар қалай қарсы алады?

**2-топ**

1. Кенесары Дулаттарды соғысқа қалай көндіреді?
  2. Жырдағы Бұғы бай кім? Ол Наурыз байға қандай кеңес береді?
  3. Наурызбай қырғыз қамалын қалай бұзады?
  4. Жырдағы Кәрі боз кім? Наурызбайға қандай айып тағады?
  5. Наурызбайдың жауабы қандай болды? Жырда қандай қазақ батырларының есімдері аталады?
- 

### «Кластер» әдісі

**1-топ** «Кенесары – Наурызбай» жырындағы батырлар бейнесі туралы жыр мәтініне сүйеніп, мазмұндандар.

Наурызбайдың, Кенесарының соғыс кезіндегі бейнелерін сипаттаңдар.

Жыршы қандай көркемдегіш құралдарды қолданған?

**2-топ** Жырдағы кейіпкерлер бейнесіне салыстырмалы мінездеме беріңдер.

Кенесары	Наурызбай	Бұғыбай	Қырғыз батыры – Кәрібоз	Жыршы (Нысанбай)
<b>Қандай?</b>				

### Дескриптор:

- жырдағы батырлар бейнесін мазмұндайды
- жыршының қолданған көркемдегіш құралдарын анықтайды
- кейіпкерлер бейнесіне салыстырмалы мінездеме береді

**3-тапсырма.** Кенесары – Наурызбай көтерілісі туралы тарихи мәліметтер дайындаңдар, кластер құрыңдар. Қашан? Қайда? Қандай оқиға орын алғанын көрсетіңдер.



**4-тапсырма** Шағын зерттеу жұмысын жүргізіп,  
«Кенесары – Наурызбай» жырындағы оқиғалармен  
тарихи оқиғаларды салыстырыңдар

<b>Тарихи оқиға</b>	<b>Жырдағы оқиға</b>

**Дескриптор:**

- Заман көрінісі, заман бейнесін анықтап жазады
- Тарихи оқиға мен жырдағы оқиғаны салыстырады



## Бағалау парақшасы

1 топ	Оқушылар аты-жөні	Топ басшысының бағалауы	Өзін-өзі бағалауы	Мұғалімнің бағалауы	Жиынтық баға
1					
2					
3					
4					
5					

## Кері әсер парағы

Маған не ұнады (ұнамады)

Бүгін мен не үйрендім?

Сабақ бойынша сұрақтар, пікірлер




«Кенесары – Наурызбай» жырының тарихи жыр екенін «Төрт сөйлем» тәсілімен дәлелдендер:

**Пікір.** Жыр мазмұны бойынша өзіндік пікірлеріңді бір сөйлем мен жазыңдар.

**Дәлел.** Өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.

**Мысал.** Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.



**Үйге тапсырма:** «Кенесары – Наурызбай» жырына сюжеттік-композициялық талдау жасаңдар. 1.«Кенесары – Наурызбай» жырының тақырыбы мен идеясын анықтап, көркемдік ерекшелігіне тоқталыңдар, әдеби талдау жасаңдар. 2. Кенесарыға тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіндер.